

МЫ ПРОДОЛЖАЕМ СИСТЕМНУЮ РЕАЛИЗАЦИЮ ПЛАНОВ ПО МОДЕРНИЗАЦИИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ВНЕДРЕНИЮ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНИЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ И ПОВЫШЕНИЮ КАЧЕСТВА ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ ПРОЦЕССОВ. ПРИ ЭТОМ ОСНОВНОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ СОБЛЮДЕНИЮ НОРМАТИВНЫХ ТРЕБОВАНИЙ, ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ И УСТОЙЧИВОМУ РАЗВИТИЮ ОТРАСЛИ В ЦЕЛОМ.

Азамат МОЛДАХМЕТОВ,
директор по строительству и ремонту железных дорог
ТОО «Теміржол жөндеу»



№52 (3091)
11/07/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ҚТЖ УКРЕПЛЯЕТ ПАРТНЕРСТВО С КИТАЕМ

В рамках выполнения поручений и внешнеполитического курса Президента РК Касым-Жомарта Токаева, направленного на укрепление транспортно-логистических связей с Китаем, АО «НК «Қазақстан темір жолы» и государственная корпорация «Китайские железные дороги» (КЖД) подписали Соглашение о всестороннем стратегическом сотрудничестве.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана – Пекин – Астана

Подписание состоялось во время официальной встречи с председателем совета директоров КЖД Го Чжусюе в дни проведения XII Всемирного конгресса по высокоскоростному железнодорожному транспорту в Пекине (КНР). Здесь собралось свыше двух тысяч экспертов железнодорожной отрасли из более чем 30 стран, в том числе делегация АО «НК «ҚТЖ» во главе с председателем правления Талгатом Алдыбергеновым.

Новое соглашение пришло на смену предыдущему, заключенному в 2014 году, и отражает текущие приоритеты двух стран в сфере транспортной кооперации: развитие международных транспортных маршрутов через территории Казахстана, Китая и других стран, развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута и привлечение дополнительного грузопотока в направлении Китай – Европа и обратно, реализация инфраструктурных

проектов для увеличения пропускной способности, развитие сотрудничества по контейнерным перевозкам, повышение эффективности перевозок за счет оптимизации маршрутов, расписаний и координации операций, содействие установлению гибкой и конкурентоспособной тарифной политики, унификация нормативно-правовой базы для упрощения трансграничных перевозок, внедрение цифровых технологий и стандартов для повышения безопасности и автоматизации и другое.

Участники соглашения уверены, укрепление транспортно-логистических связей с Китаем придаст новый импульс развитию перевозок по маршруту Китай – Европа и повысит привлекательность ТМТМ, усилив стратегическую роль Казахстана как важнейшего транзитного хаба на евразийском пространстве.

Кроме того, в дни конгресса в Пекине председатель правления



АО «НК «ҚТЖ» Талгат Алдыбергенов провел ряд двусторонних встреч с ключевыми международными партнерами.

Состоялись переговоры с руководством китайской компании CRRC – мирового лидера в области железнодорожного машиностроения. Обсуждены перспективы расширения сотрудничества в сфере поставок подвижного состава, внедрения инновационных решений и локализации производства.

Во время встречи с руководством Азербайджанских железных дорог рассмотрены вопросы увеличения объемов грузоперевозок по ТМТМ. Акцентировано внимание на цифровизации и автоматизации маршрута для обеспечения ускорения и упрощения логистических процессов, а также интеграции информационных систем

железных дорог Казахстана и Азербайджана.

Также делегация ҚТЖ посетила выставку, организованную в рамках конгресса, где были представлены новейшие технологические решения и инновации в железнодорожной отрасли, включая цифровые платформы, современные системы управления движением и передовые образцы подвижного состава.

К слову, организаторами выступили Китайская государственная железнодорожная корпорация и Международный союз железных дорог. На церемонии открытия выступили вице-премьер Госсовета КНР Чжан Гоцин, министр транспорта Китая Лю Вэй и другие.

Спикеры отметили, что этот конгресс – не первый в своем роде: аналогичный конгресс по высокоскоростному железным

дорогам прошел в стране в 2010 году. Он сыграл ключевую роль в создании рамок для развития, стандартизации и международного сотрудничества, которые продолжают формировать отрасль на протяжении последних 15 лет. С тех пор глобальная сеть высокоскоростных железных дорог значительно расширилась, технологии стремительно развивались, появились новые вызовы и возможности. И ҚТЖ, являясь надежным партнером Китайских железных дорог на протяжении многих лет, демонстрирует устойчивое развитие и последовательное укрепление логистических связей с Китаем, расширяя сотрудничество в рамках трансграничных перевозок, совместных проектов и ключевых международных маршрутов.

Фото автора

РЕКОРДТҢҚ КӨРСЕТКІШ



Маусым айында ҚТЖ желісі бойынша «Шұбаркөл Көмір» АҚ көмірін экспортқа тасымалдаудың жаңа рекорды орнатылды.

Экспортқа жөнелтілген көмір 841 мың тоннаны құрап, ағымдағы жылдың орташа айлық көрсеткішінен 26% артық болды. Бұл теміржолшылар мен тасымалдау процесіне қатысушылардың үйлесімді жұмысының арқасында мүмкін болды. Жалпы, бір айда 1,2 млн тонна көмір тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,1%-ға артық. Қазақстан аумағы бойынша 326 мың тонна көмір тасымалданды, деп хабарлайды ҚТЖ баспасөз қызметі.

Дарын МЕДЕТҰЛЫ

ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА ЕНГІЗІЛУДЕ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ серіктесі «Теміржолжөндеу» ЖШС жөндеу жұмыстарының сапасы мен қауіпсіздігін арттыру аясында ресейлік өндірістен шыққан жол өлшеу арбасының іске қосу-реттеу жұмыстарын жүзеге асыруда.

Бұл жабдық жол техникасы жүріп өткеннен кейін темір жолдың жай-күйін автоматтандырылған бақылауға алуға арналған. Яғни жолдың жай-күйін жедел диагностикалау; «ҚТЖ» ҰК» АҚ қолданыстағы нормативтеріне сәйкес параметрлерді өлшеу; автоматтандырылған режимде техникалық есептілікті қалыптастыру.

Жаңа техниканың 2000 жылдардың басында қолданылған модельдерден айырмашылығы, параметрлердің едәуір көп санын өлшеуді қамтамасыз етеді және функционалдық мүмкіндіктері бойынша жол өлшейтін вагондармен салыстыруға болады. Аталған техниканың рөлі күрделі жөндеу жүргізу барысында өте маңызды. Ал бұрын бұл жұмыс жол шаблондарын қолдана отырып жүзеге асырылған болатын.

Атап өтерлігі, жол өлшегіш арба мен вагон бір-бірін қайталамайды, керісінше қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесінде бір-бірін толықтырады. Мердігерлік жұмыстар шеңберінде диагностиканың автоматтандырылған құралдарын қолдану пайдалану қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, жөндеу іс-шараларының тиісті сапасын және ықтимал ауытқуларды уақытылы анықтауды қамтамасыз етеді.

«Теміржол жөндеу» ЖШС инфрақұрылымдық теміржол жобаларының тиімділігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі жоспарларды жүйелі іске асыруды жалғастыруда.

Ислам ТАЛІПАТ



Бекзат КӘРІМХАНОВ,
Семей станциясының
бас инженері:

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА СТАНЦИЯ БАСЫ ТАЛАПҚА САЙ ЕТІЛДІ. АБАТТАНДЫРУ, КӨГАЛДАНДЫРУ ДА ОЙДАҒЫДАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА. МӘСЕЛЕН, СОҢҒЫ РЕТ 2010 ЖЫЛҒЫ АЛАПАТ ӨРТТЕН КЕЙІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН СТАНЦИЯ ҒИМАРАТЫ, СЫРТ КЕЛБЕТІ АЛҒАШ РЕТ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТІП, МҮЛДЕ ЖАҢАША КЕЙІПКЕ ЕНУДЕ. ЖЕРГІЛІКТІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ОСЫНАУ ТАЗАЛЫҚ АКЦИЯСЫН ЖЫЛ БОЙЫ ЖҮРГІЗУГЕ НИЕТТІ

Көкейкесті

КІРМЕ ЖОЛДАР ҚАУІПСІЗДІГІ АРТҚАН

«Көліктік қызмет көрсету орталығы» АҚ кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша кешенді жұмыстарды іске асыруда. Пайдалану маңыздылығы мен қарқындылығы бойынша жіктелген Кірме жолдардың бірыңғай базасы қалыптастырылды.

Онда 625 кірме жол тіркеліп, олар белсенді, стратегиялық, бөлшектелген және ішінара сипаты бойынша бөлшектелген теңгерімге 65 жасанды құрылыс нысаны (көпірлер, құбырлар және т.б.) қабылданып және зерттелген. Қосымша көлік жүктемесі жоғары аймақтарда күзетілетін екі теміржол өткелі ашылған.

Барлық кірме жолдар мен бағыттамалық бұрмалар көктемгі тексеруден өткізіліп, өткен жылмен салыстырғанда анықталған өрескел бұзушылықтар саны 13%-ға төмендеген. Тексеру қорытындысы бойынша «тар» жерлерді жою және сенімділікті арттыру жолдары қолға алынған.

Өндірістік учаскелердің бастықтары, инженерлер мен жол шеберлері арасында қауіпсіздік бойынша техникалық регла-

менттерді білуі тексеріліп, қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген. Құрылымдардың барлық басшылары мен жол шеберлері жолдар мен бағыттамалық бұрмаларды ай сайынғы комиссиялық тексеруге қатысады.

Биыл шпалдар мен рельстерді ауыстыру арқылы 31,2 км кірме жолды жөндеу жоспарланған, оның 7,1 км жөндеуден өтті. Бұдан басқа рельстер мен бағыттамалық бұрмаларды дефектоскоптау жоспарланып отыр (32,9 км). Сондай-ақ мамандандырылған ұйыммен 10-ға жуық жасанды нысанды тексеру, теміржол өтпелеріне 466 жол белгілерін сатып алу көзделген.

Ауқымды паспорттау жұмысы жүргізілуде: 2025 жылдың соңына дейін кірме жолдарға 188 техникалық паспорт ресімделеді және

470 жылжымайтын мүлік объектісіне мемлекеттік-техникалық тексеру жүргізіледі.

Сондай-ақ жолдың жоғарғы құрылысының негізгі материалдарын, соның ішінде ағаш шпалдар, ауыстыру бөренелері, бұрандамалар, төсемдер, айқастырмалар, жөндеу жиынтықтары және т.б. сатып алу жоспарланған.

«КҚО» АҚ менеджменттің интеграцияланған жүйесіне басым назар аударады. 2024 жылы компания TÜV Rheinland Kazakhstan сертификаттау аудитінен сәтті өтті және ISO 9001:2015 және ISO 45001:2018 стандарттарына сәйкестік халықаралық сертификаттарын алды. 2025 жылғы маусымда стандарттарға сәйкестігі инспекциялық аудит барысында расталды.

Аян ХАМИТ

ПУСТЬ ДОРОГА БУДЕТ ЛЕГКОЙ!



С железнодорожного вокзала Алматы-2 отправился в путь модернизированный состав пассажирского поезда № 7/8 по маршруту Алматы – Саратов.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Проводить поезд пришли руководители Алматинского отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети, ветераны-железнодорожники. Надо сказать, что парк АО «Пассажирские перевозки» пополнился 30 новыми пассажирскими вагонами, произведенными на заводе в Петропавловске. Первый поезд с новыми вагонами отправился с вокзала Алматы-2 в направлении Саратова (Россия).

– Глава государства в своем выступлении подчеркнул важность обновления пассажирских вагонов как одного из ключевых направлений развития транспортной инфраструктуры. В рамках выполнения этого поручения наша компания активно работает над модернизацией вагонного парка, что является стратегическим приоритетом. Сегодня обновленный состав запускается на маршруте Алматы – Саратов. Эти изменения станут значимым этапом в развитии транспортного сообщения между регионами, – отметил на презентации новых вагонов генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Ануар Ахметжанов.

Вагоны построены с учетом требований к дизайну, безопасности, надежности и комфорту. В купе оборудованы эргономичные спальные места, индивидуальные светодиодные светильники, USB-порты, сетевые розетки, а также системы климат-контроля.

Каждый состав поезда включает 10 вагонов: по пять купейных и плацкартных, рассчитанных на перевозку более 400 пассажиров в одном направлении. Поезд будет курсировать с регулярной периодичностью, обеспечивая удобное сообщение между Казахстаном и Россией. По четным дням: отправление со станции Алматы в 20:00, прибытие на станцию Саратов – через день в 10:10 по времени РФ. Обратный рейс из Саратова – в 14:55, прибытие на станцию Алматы – через день в 06:54 по времени РК.

Для пассажиров с ограниченными возможностями предусмотрены специальные купе и места для колясок, а также кнопка вызова проводника. Срок службы вагонов составляет до 40 лет.

– Обновление состава – это не просто замена вагонов, это забота о людях, которые выбирают поезд как удобный и доступный вид транспорта. Новый поезд по маршруту



Алматы – Саратов отвечает всем современным требованиям, а это шаг вперед, который вселяет уверенность в будущее пассажирских перевозок, – отметил председатель Совета ветеранов Алматинского региона Дуан Умаров.

Отметим, за последние два года АО «Пассажирские перевозки» закупило 318 вагонов ТОО «ЗИКСТО», из которых 241 уже введен в эксплуатацию, включая 30 вагонов, запущенных на маршруте № 7/8 Алматы-2 – Саратов. Новые вагоны также курсируют по маршрутам Актобе – Атырау, Павлодар – Туркестан, Кызылорда – Семей, Алматы – Павлодар. С 2025 по 2027 год планируется поэтапная поставка еще 350 вагонов. Первая партия из 100 вагонов поступит уже в этом году.

Напомним, до 2030 года в рамках программы модернизации парк планируется обновить полностью.

Фото автора

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ ПО СЕТИ ҚТЖ ПЕРЕВЕЗЕНО

150,1 млн тонн

ГРУЗОВ.

ДО 2027 ГОДА БУДЕТ ПОСТРОЕНО И МОДЕРНИЗИРОВАНО

5 000 км

ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ.

В ИЮНЕ ПОЕЗДА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПЕРЕВЕЗЛИ СЕВЫШЕ

1,2 млн

ПАССАЖИРОВ ПО ВСЕМ МАРШРУТАМ.

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ СЫНҒА ТҮСТІ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



Арыс вагон пайдалану депосына қарасты 6 техникалық қызмет көрсету қосыны бар. Шымкент бөлімшесінің барлық аумақтарын қамтыған вагон қараушылар қосыны Арыстан бөлек, Түркістан, Шымкент, Қазығұрт, Түлкібас, Сарыағаш станцияларында орналасқан.



Жуырда Арыс вагон пайдалану депосында дәріс түріндегі сайыс өтіп, оған барлық техникалық қызмет көрсету пункті қызметкерлері (ПТО) қатысты. Алты мекемеде еңбек ететін вагон қараушылар мен жөндеушілер арасында білім арттырып, тәжірибе шыңдау мақсатында ұйымдастырылған шараға 16 теміржолшы жиналды.

Сайыс болған соң әрине ол тәртіп-талапқа сай өтуі тиіс. Оның бір алғышарты ретінде үміткерге теориялық білімін бағамдау мақсатында сұрақ-жауаптар қойылды. Мұнда қатысушымен болған әңгімелесу арқылы алдымен біліктілік сараланса, практикалық тәжірибе бөлімінде мамандардың қызметтік міндетін орындау сапасы сынға түсті. Яғни үміткер білгенін іске асыру барысында шеберлігін де паш етті. Мәселен, вагон доңғалағын балғамен қаққаннан кейін шығатын дыбысқа зейін қою арқылы оның ақауын анықтауды меңгеру үшін кез келген маманға уақыт керек. Демек, бұл уақыт өте келе тәжірибемен ұштасатын қарым-қабілет.

– Біз сайысқа қатысушылардың әлеуетін бағалауда осы әдісті әркез қолданамыз. Себебі маман біліктілігіне шынайы баға беруде бұл – таптырмас амал. Бүгінде осы амалды іске асыруда уақытқа қарап, тапсырманың шапшаң әрі сапалы орындалуына ден қойдық, – дейді ВЧД-30 – Арыс депосының бас инженері Ғалымжан Байзақов.

Айта кетейік, білім мен тәжірибе қатар сынға түскен сайыста Арыс вагон пайдалану депосы бастығының орынбасары Данияр Сейдахметов пен кәсіподақ ұйымының өкілі Пайызхан Қожанұлы және өндірістік оқыту шебері Марат Әлиакбаров сынды саланың қыр-сырын жетік меңгерген мамандар төрелік етіп, қатысушылардың көрсеткен нәтижелерін саралап, кіл мықтыны анықтады.

Ал екі кезеңнен тұратын сынақ нәтижесі бойынша алты ПТО-дан қатысқан үміткерлер арасынан Түркістаннан келген вагон қараушы Асқар Ғалымжан бірінші орынға лайық деп танылды. Ал екінші орынды шымкенттік вагон қараушы Жандос Кеңесбай еншілесе, үшінші орын Түлкібастан келген Нұржан Жәндәулетовке бұйырды.

Шара аясында анықталған жеңімпаздарға өндіріс орнында қолданып, жұмыс өнімділігін арттыруға ыңғайлы құрал-жабдықтар сыйға тартылып, арнайы сертификаттармен марапатталды.

Суретті түсірген автор

ЖАҢА ҚҰРАМ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ маусымның 4-нен бастап Астана мен Ақтөбе арасына қатынайтын №257/258 жолаушылар пойызын іске қосты. Араға 4 күн салып жолға шығатын пойыз жаз маусымында еселеп артатын жолаушылар үшін тамаша тосынсый болды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Астана мен Ақтөбе арасында тікелей қатынайтын пойыз ұзақ уақыттан бері болмады. Жергілікті тұрғындар Орал – Астана, Атырау – Астана бағытындағы пойыз қызметтерін пайдаланып келді. Сонымен қатар «Жолаушылар тасымалы» АҚ сұранысқа орай биыл қысқы каникул кезінде, наурызда бұл қосымша пойыз қызметін іске қосқан еді.

«Бұл жаңа құрам жолаушылар тасымалының сапасын айтарлықтай жақсартатыны сөзсіз. Пойыз Астанаға 24 сағатта жетеді. Билеттер түгел сатылып кетті. Сондықтан қосымша вагондар қосылды. Вагондарда бейнекамералар бар. Оның қауіпсіздіктің сақталуына ықпалы зор. Қазір жолаушылардан алғыс жиі түседі. Арнайы сайт арқылы, жазбаша түрде айына 10-15 хат келеді», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалы директорының орынбасары Бақытжан Жалбаков.

Отандық «ЗИКСТО» зауытынан шыққан су жаңа вагондардан жасақталған құрамның алғашқы жолаушыларымен тілдесуге асықтық. «Қуаныштымыз. Ең бірінші билетті қиналмай таптық. Пойыз тікелей Ақтөбеден шыққан соң



жолымыз қысқарды. Бала-шағамен Астанаға демалысқа бара жатырмыз», – деді Жәнібек есімді жолаушы.

Перрон толы жүздері бал-бұл жанған балалар. Жасөспірімдердің ата-анасымен демалысқа шыққаны көрініп-ақ тұр.

«Анашым, Астанаға бір ұйықтағанда жетеміз бе?» дейді алып ұшып вагонға асыққан балақай.

«Жолаушылар атынан теміржолшыларға алғыстан басқа не айтамыз, вагондар керемет. Тап-таза, жайлы. Телефон қуаттағыш, ауа реттегіш – бәрі бар, – деді жолаушы Мәрзия апай.

Жолсеріктер де жолаушыларды жылы

ЖАҚСЫНЫ КӨРМЕК ҮШІН...



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Маңғыстау локомотив пайдалану депосында машинистер үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Локомотив бригадаларына арналған төрт демалыс үйі бар. Биыл осыдан қырық жыл бұрын салынып пайдалануға берілген Бейнеудегі демалыс үйі күрделі жөндеуден өткізілді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жаңғыртудан соң бес жұлдызды болмаса да кішігірім қонақүйге ұқсап құлпытшы шыға келген демалыс үйі жақында қайта ашылып, машинистер игілігіне берілді.

Екі қабатты демалыс үйін бұрынғысымен салыстыруға да келмейді, айырмашылық жер мен көктей. Іші мен сырты толықтай жаңартылған. Локомотившілердің бос уақытында дұрыс демалып, жайлы да жағымды атмосферада ас-суын ішіп, физикалық һәм моральдық жағынан жақсы тынығуына барлық мүмкіндік жасалған. Бөлмелер жана жиһазбен жабдықталған. Асхана гарнитур, мұздатқыш, электрлі



плита, кір жуғыш машина, үтік, компьютер, керует, киім шкафы мен тумбасы, устел, кондиционер сияқты қажеттіліктермен толық қамтылған.

Нысанда жалпы 16 бөлме, 34 орын бар. Онда тек қана маңғыстаулық бригада емес, Мақат депо-

сынан келетін машинистер бригадасы да демалуы қарастырылған.

Демалыс үйін күрделі жөндеуден кейін пайдалануға беру рәсіміне Астанадан «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Локомотив шаруашылығы бойынша бас директордың орынбасары Асан

Үмбетов арнайы келіп, деполықтар қуанышына ортақтасты. Маңғыстау локомотив пайдалану депосының бастығы Ерболат Құсниязов ғимарат құрылысын сапалы бітірген құрылысшыларға алғыс айтты. «Жақсыны көрмек үшін» демекші, Бейнеу айналым депосының ұжымы, Мақат локомотив депосы басшылығы, еңбек ардагерлері, жергілікті билік өкілдері, т.т. демалыс үйінің жаңа көркіне көзайым болғандар зияшылығын білдірді.

Ришан барысында күрделі жөндеуді жүргізген «Нұрболат» ЖШС өкілдерінің атына да жылы сөздер айтылып, құрылысқа атсалысқандар Алғыс хатпен марапатталды. Аталған мекеменен осы жылдың ақпан айында келісімшарт жасалып, күрделі жөндеу жұмыстары басталған еді. Құрылыс уақытылы аяқталып, маусым айының аяғында толық бітіріп беріп отыр.

Орайы келгенде атап кетсек, Маңғыстау локомотив пайдалану депосында бұдан басқа тағы да үш станцияда локомотив бригадаларының демалыс үйі қызмет көрсетеді. Олар Жаңаөзен, Сайөтес пен Маңғыстау станцияларында орналасқан.

Суретті түсірген автор

«Қазтеміртрано» АҚ сату жөніндегі Комиссия отырысының 2025 жылғы 10 шілдесінің № 3 хаттамасына 3 қосымша

САУДА ЖАЙЛЫ ЕСКЕРТПЕ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2025 жылғы 5 тамызда сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлкін сату бағасын көтеру бойынша сату Аукцион түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) www.e-qazuna.kz мемлекеттік мүлікті тіркеу веб-порталында өтеді.

Активтерді сату «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 20 қазанындағы № 18 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлігін сату жөніндегі ережелеріне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай - Регламент) сәйкес өтеді.

Төмендегідей активтерге аукцион жарияланады:
1 лот - Жылжымалы құрамның (вагондардың) доңғалақ жұбы доңғалақ сызбасы 77.020.02.00.103, 2024- РУ1Ш 478 дана, бастапқы/ басты бағасы 103 349 169 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 15 502 376 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

2 лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -80% автоматты қосқыш жинағы 63 дана, бастапқы/ басты бағасы 8 317 468 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 247 621 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

3 лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -20% автоматты қосқыш жинағы 13 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-40% автоматты қосқыш жинағы 54 дана, бастапқы/ басты бағасы 2 405 651 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 360 848 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

4 лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024 -60% автоматты қосқыш жинағы 217 дана, бастапқы/ басты бағасы 15 238 608 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 285 792 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

5 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 32 дана, бастапқы/ басты бағасы 7 891 853 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 183 778 теңге, орналасқан жері:

Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

6 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 65 дана, бастапқы/ басты бағасы 16 030 325 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 404 549 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

7 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 80 дана, бастапқы/ басты бағасы 19 729 631 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 959 445 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

8 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 80 дана, бастапқы/ басты бағасы 36 499 817 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 5 474 973 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

9 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 105 дана, бастапқы/ басты бағасы 25 895 141 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 3 884 272 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

10 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 23 дана, бастапқы/ басты бағасы 5 672 269 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 850 841 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

11 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 103 дана, бастапқы/ басты бағасы 25 401 900 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 3 810 285 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

12 лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 75 дана, бастапқы/ басты бағасы 18 496 529 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 774 478 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

13 лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 38 дана, бастапқы/ басты бағасы 9 766 231 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 464 935 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

14 лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 40 дана, бастапқы/ басты бағасы 10 280 243 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 542 037 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

15 лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 35 дана, бастапқы/ басты бағасы 8 995 212 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 349 282 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

16 лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 66 дана, бастапқы/ басты бағасы 16 962 400 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 2 544 360 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

17 лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-

Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6;

28 лот - Қысым үстіндегі арқалық 2024 р 24 дана, Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 8 дана, Қысым үстіндегі арқалық QСZ156XL-40-00, 2024 р 9 дана, бастапқы/ басты бағасы 10 111 659 теңге, ҚҚС-пен, кепілдік жарна 1 516 749 теңге, орналасқан жері: Павлодар қ., Транспортная к-сі, 10/6.

Кепілдік салым «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ шотына уақыттылы аударуы мақсатында кепілдік салымды өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін үш күн бұрын аударуға кеңес беріледі.

Тізілім веб-порталында сауда-саттықтарға қатысушыларды тіркеу тізілім веб-порталында хабарламаның жарияланған күнінен бастап жүргізіледі және сауда-саттықтар басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттықтарға қатысу үшін тізілім веб-порталында төмендегілерді көрсетіп, алдын ала тіркелуі қажет:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда);

3) кепілдік жарналарды қайтару үшін екінші деңгейдегі банктерде банктік есепшоттың деректемелерін /реквизиттерін/;

4) байланыс деректерін (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, e-mail).

Тізілім веб-порталына енгізілген жоғарыдағы деректер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде деректерді өзгертпеді.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік салымды қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижесін белгілейтін және жеңімпаз бен сатушының міндеттерін сауда бағасы бойынша нысанды сату-сатып алу шартына қол қойған құжат болып табылады.

Жеңімпаз сату-сатып алу туралы шартқа сауда веб-порталда өткен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қол қояды.

Сайысты өткізу талаптары, саудаға қатысушыларды рәсімдеу тәртібі, Жеңімпазды анықтау талаптары туралы толық ақпараттармен «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ сайтындағы Регламенттен танысуға болады.

Сауданы өткізу туралы қосымша ақпараттарды www.gosreestr.kz сайтынан немесе мына телефон нөмірлері арқылы білуге болады: 8 (7172) 55-29-81 («Ақпараттық-есептік орталық» АҚ) және +7 747 702 28 78 («Қазтеміртранс» АҚ, Астана қ., Қонаев к. 10).

Дополнительную информацию о проведении торгов можно посмотреть на сайте www.e-qazyna.kz или получить по телефонам: 8 (7172) 55-29-81 (АО «Информационный учетный центр») и + 7-747-702-28-78 (АО «Қазтеміртранс», г. Астана, ул. Кунаева 10.).

№52 (3091) 11/07/2025

БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

Астанада «Қазкөлік-кәсіп» ҚБ филиалы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша VI есептік сайлау конференциясы өтті. Осыған дейін филиалдың 14 бастапқы ұйымында өткен жиынын бұл қорытындысы деуге болады.



Кәсіподақтың соңғы 5 жылдағы жұмыс нәтижелері сөз болған жиында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС кәсіподағының төрағасы Ермек Төлегенов қазіргі таңда 47 мыңнан астам теміржолшы мүше болып отырған қоғамдық ұйымның жаңадан сайланған кәсіподақ басшыларын құттықтады. Конференция жұмысына «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Марал Марасилов қатысып, сөз сөйледі. Аталған филиалда 2020-2025 жылдар аралығында ауқымды жұмыс атқарылған. Атап айтқанда, пандемия кезінде ковидпен ауырып қалған теміржолшыларға көмек беруден бастап, түрлі табиғи және өндірістік бағытта апаттарға

ұшыраған қызметкерлерге материалдық жәрдем беру, балаларды лагерьмен, жұмысшыларды санаториймен қамтамасыз ету, ресми мерекелерде сан алуан мәдени-спорттық іс-шаралар өткізу, еңбегі сіңген сала мамандарын марапатқа ұсыну және тағы да басқа жұмыстар туралы Е.Төлегеновтің баяндамасында айтылды.

— Кәсіподақтың қызметі оған мүше қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғау, материалдық көмек көрсету және түрлі бұқаралық-мәдени іс-шаралар ұйымдастырудан тұрады. Әсіресе қазіргі таңда жұмыс берушілер тарапынан еңбек өнімділігін арттыру, штат пен қызметкерлер санын оңтайландыру мақсатында шешімдер қабылданып жатқан тұста кәсіподаққа жүктелер міндет екі

есе артты. Еңбек ұжымдарындағы осындай өзгерістермен байланысты ахуал кәсіподақ тарапынан салмақты, саналы, тиімді шешімдер қабылдап, соған сай әрекет етуді талап етеді. Осы жолда аянбай еңбек етіп, кәсіподақ ісін дамытуға әрқайсымыз атсалысайық, — деді ол.

Жиын барысында өңірлердегі теміржолшылардың мәселелерін ортаға салу үшін Маңғыстау, Семей, Ақтөбе, Астана, Алматы теміржол бөлімшелерінің кәсіподақ басшыларына сөз берілді. Маңғыстау ЖТ бөлімшесі кәсіподағының төрағасы Әзірбай Тұрмағамбетовтің түбек теміржолшылары атынан жеткізген ұсыныстары хаттамаға тіркелді. 45 делегат қатысқан конференция жұмысы филиал төрағалығына Е.Төлегеновті қайта сайлады.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

АЛТЫНКУЛ ОТАРОВА – НЕЗАМЕНИМЫЕ ЕСТЬ!



ГОД РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

В департаменте технической политики АО «НК «ҚТЖ» проводили на заслуженный отдых одну из самых опытных и выдающихся тружениц отрасли Алтынкул Отарову. За более чем 40 лет работы на железнодорожном транспорте она внесла большой вклад в разработку и реализацию ключевых проектов и нормативно-правовых актов компании.



Свой путь на железной дороге Алтынкул Кнатовна начала в 1984 году с должности электромонтера Мангышлакской дистанции электроснабжения. Эта работа требует глубоких знаний в области электротехники и не каждому по плечу. Но Алтынкул Отарова с легкостью читала схемы, разбиралась в тонкостях работы оборудования, распределительных сетей и подстанций, устранила неисправности. Профессионализм и ответственность юной железнодорожницы способствовали продвижению по карьерной лестнице.

В разные годы Алтынкул Отарова работала в ДГП «Топливно-энергетический комплекс» РГП «ҚТЖ», Дирекции материально-технического снабжения компании, а также Техническом комитет при Бюджетном комитете. Профессионализм Алтынкул Отаровой отмечен многочисленными отраслевыми наградами – знаками «Үздік маман», «НК «ҚТЖ», с 2008-го – его главным специалистом. На заслуженный отдых она выходит в должности

менеджера департамента технической политики нацкомпании.

Вклад Алтынкул Отаровой в развитие отрасли сложно переоценить. Она принимала активное участие в реализации проектов по внедрению технологий бережливого производства, разработке Правил технической эксплуатации железнодорожного транспорта, Инструкции по движению поездов и маневровой работе, Концепции технической политики АО «НК «ҚТЖ», а также подготовке технико-экономических обоснований и проектно-сметной документации объектов железнодорожного инфраструктур. Кроме того, входила в состав различных комиссий, являлась секретарем Научно-технического совета компании, а также Технической комиссии при Бюджетном комитете.

Профессионализм Алтынкул Отаровой отмечен многочисленными отраслевыми наградами – знаками «Үздік маман», «Түркісіб-90», юбилейной медалью «Қазақстан темір жолына 120 жыл» и другими. Ее портрет висел

на доске почета компании.

Алтынкул Кнатовна является примером для многих молодых коллег, как ответственный, исполнительный, честный и порядочный труженик, профессионал своего дела. Она пользуется в коллективе большим уважением не только благодаря профессиональным компетенциям, но и своим человеческим качествам, инициативности и умению работать в команде.

Тепло провозжая на заслуженный отдых Алтынкул Отарову, коллеги из департамента технической политики АО «НК «ҚТЖ» отмечают, что ее знания и опыт в железнодорожной отрасли бесценны. Этот тот редкий случай, когда человек действительно незаменим.

Любовь РОВБА
Фото Александра ЖАБЧУКА

МАҚАТТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Сағыз станциясының іргесі 1939 жылы Атырау – Қандыағаш темір жолының құрылысымен қатар қаланған. Сондықтан бұны да Мақат секілді теміржолшылар қалашығы деуге әбден болады. Әрине, Сағызда теміржолшылар династиясы да аз емес. Біздің кейіпкеріміз Бағытова Қажажай да темір жолға еңбегі сіңген әулеттің өкілі.



Ол 1964 жылы Сағыз станциясында теміржолшылар әулетінде дүниеге келді. Әкесі Құлжан Ескабылұлы өмір бойы жолшы болған, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері. Ал анасы Жұмақыз Қызылқоға ауданының Миңялы, Сағыз, Мұқыр елді мекендеріне, Сағыз – Жантөрек аралығына, темір жолды қардан, құмнан қорғау мақсатында ағаш отырғызып, күтім жасайтын құрылымыда жарты ғасырға жуық еңбек етті. Олар дүниеге 9 бала әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, оқытып жеткізді. Бүгінде бұл әулетте теміржолшы да, мұнайшы да, ұстаз да бар.

Қажажай Атырау теміржол техникумын 1984 жылы үздік бітіріп, сол кездегі Гурьев жол бөлімшесінің жолдамасымен Мақат ауданы, 402-бекетіне №159 машиналандырылған күрделі жол жөндеу мекемесіне жұмысқа тұрады. Еңбек жолын жаңа бастап жатқан жас қызға жол жөндеуші болу оңайға сақпағаны анық. Тіпті қиналған сәттерінде «осы оқуды неге оқыдым» деп налыған кездері де болыпты. Қолына сүйемі мен балғасын алып таңалакеуімнен жолға шығады. Содан бригада мүшелерімен бірде күніне 10-15 шақырым жолға жаяу жүріп, шпалдың бүтіндігін, рельстердің аралығын өлшеп, кешке дейін жолдың дұрыстығын қадағалайды. 20 жасар қыз бала үшін әрине ауыр

жұмыс. Таныс жоқ, ақылдан айтып, үйрететін адам да жоқ. Көпшілігі өзге ұлттар: бригадир – удмурд, мастер – мари, тех.бөлім инженері – грузин, бас инженер – украин, бас есепші – татар... Бірақ нағыз теміржолшының қызы емес па, алғыр қыз бәріне де үйренді, бәрін де жеңді. «Жақсы өкениң ақылы – балаға қырық жыл азық» демекші, ата-ананың қазықтай қаққан дұрыс тәрбиесі, өзінің табанды мінезі арқасында Қажажай шебер маман атанды.

«Жылдар өте келе жол монтері, жол техникі, жол инженері, қойма менгерушісі, еңбекақы және нормалаушы инженері қызметтерін атқарды. 1985 жылы теміржолшы-инженер Бағытов Жүніс деген жігітке тұрмысқа шығып, отбасын құрдық. 1984-1988 жылдар арасында 402-бекетте 4 аяқты ағаш вагонда тұрып, 2 шақырым жерден көмір, су тасып, ағаш жарып, от жағып, осы мекемеде әртүрлі ұлт өкілдерімен қоян-қолтық араласып жұмыс жасадық. Жолдасым Жүніс мінезі салмақты, сабырлы жан, қай кезде де маған қолдау көрсетіп, сүйеу болды, соның арқасында қиындықтың бәрін жеңдік деп еске алады өткен жылдарым кейіпкеріміз.

Қажажай 1985 жылы Ташкент теміржол институтының 6 айлық курсында оқып, инженер-экономист куәлігін алады, сосын отағасы екеуі жұмыстан қол үзбей Алма-

ты теміржол көлігі институтын жол құрылысы және жол жөндеу мамандығы бойынша сырттай оқып бітіреді. 1989-1990 жылдары тоқырау кезінде ПМС-159 мекемесі жабылып, техникалық, қаржы-есеп бөлімдері №9 Атырау жол дистанциясы қарамағына өтеді. Сол кезде Қажажай Мақат станциясына Социалистік Еңбек Ері, Құрметті теміржолшы Латип Шахатов атындағы №6 өндірістік жол учаскесіне ауысып, қазіргі уақытқа дейін: жол техникі, жол инженері, материалдық бухгалтер, инженер-технолог қызметтерін абйроймен атқарып келді. Оның өңір темір жолының дамуына қосқан үлесі бағаланып, ҚТЖ басшылығынан, ЦЖС, ЦП басшыларынан, Атырау магистральдық желі бөлімшесі мен Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінен алған Алғыс хат, марапаттары аз емес. 2024 жылы тамыз айында теміржолшылар мерекесіне орай Атырау облысы тарапынан Халық қаһарманы, Ұлы Отан соғысының батыры, ұшқыш Хиуаз Достанова төсбелгісін кеудесіне тақты. Ал 2025 жылы қаңтарда Мақат ауданы әкімдігі оны «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттаса, сәуір айында «Қазақстан теміржолына-120 жыл» төсбелгісіне ие болды.

Қажажай Құлжанқызы өзінің негізгі жұмысымен қатар Мақат – Қарабатан станциялары арасында еңбекті қорғау жөнінде техникалық инспектор, учаскедегі кәсіподақ төрайымы қызметін қоса атқарып, ұжымдағы мәдени іс-шараларды өткізуге белсене араласады. Қаншама шөкірт тәрбиеледі. Ал жолдасы Жүніс Атырау жол дистанциясы Мақат телімінде инженер болып еңбек етіп, 2023 жылы зейнетке шықты. Бүгінде қыздары Айдана ата-ана жолын қуып Мақат станциясында диспетчер болып жұмыс істейді.

«Бүкіл өмірімді темір жолға арнап, тоғыз жолдың торабы саналатын Мақаттай станцияда абйроймен қызмет жасағанымды мақтан етемін», – дейді қырық жылға созылған еңбек жолын аяқтап, биыл зейнетке шыққалы дайындалып жүрген кейіпкеріміз.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ



В Карагандинском отделении ГП подведены итоги конкурса детских рисунков «Темір жол балалардың көзімен» – «Железная дорога глазами детей», организованного Карагандинским филиалом ОО «Казпрофтранс».

Мероприятие стартовало в конце апреля текущего года. В конкурсе приняли участие ребята дошкольного и школьного возрастов. Его цель – активизация работы по профилактике и предупреждению детского травматизма на железнодорожном транспорте. Несмотря на юный возраст, дети при помощи карандашей и красок смогли рассказать о правилах личной безопасности в зоне особой опасности – вблизи железнодорожных составов. Регулярно из уст родителей, работающих на железной дороге,

они знают о том, что главной причиной травматизма на путях являются неосторожность и невнимательность граждан. Им также известно о том, что непозволительно делать селфи в опасных местах и переходить железнодорожное полотно в наущниках, так как по этой причине не слышны звуковые сигналы приближающегося поезда.

Члены жюри оказались в затруднительном положении – все работы были интересными и креативными. Призовые места распределились следующим образом: в номинации

«Железная дорога глазами детей» и возрастной категории от 4 до 8 лет первое место заняла Алина Базарбай. Отец девочки, Мидияр Базарбаев, трудится старшим электромехаником СЦБ Балхашской дистанции сигнализации и связи НКС-4. В возрастной категории 9-12 лет победителем стал Омар-Али, чей родитель работаетсмотрщиком-ремонтником вагонов Карагандинского участка Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагонсервис». В номинации «Безопасность труда глазами детей» и возрастной категории 4-8 лет лучшей признана Маржан Бертіс. Ее отец, Дулат Адамбеков, выполняет важную миссию в железнодорожной сфере в качестве дежурного по рзд. 1 филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП».

Вторые места заняли Фархада Сабирова, Надр Жазыбек, Кира Загидуллина, Елисей Киселев. Третьи места присуждены Никите Винтонину, Аружан Ерік, Адии Багаскиной, Сақыпұ Әмірхану, Нұрайым Нұрлан.

От Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» ребятам, занявшим призовые места, вручены подарки и денежные призы.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

НАСЫЩЕННЫЕ ДНИ В АСТАНЕ

Для группы детей из многодетных семей железнодорожников Оскеменского региона это лето стало по-настоящему ярким и запоминающимся. Они побывали в столице Казахстана в рамках ежегодной экскурсионной программы.

За счет профсоюза ребят ждал насыщенный тур: проезд, проживание, экскурсии и развлечения. Все-го в поездке участвовали 12 детей, отобранных по заявкам предприятий и профкомов.

– Это уже добрая традиция. Летом и зимой мы отправляем детей на экскурсии в Астану. В приоритете – семьи, которые особенно нуждаются в поддержке: многодетные, неполные, – отмечает представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Западнотинскому узлу Айгуль Жайлаубаева.

Ребята побывали в знаменитом «Байтереке», прошлись по парку «Джунгли», с восторгом рассматривали морских обитателей в океанариуме и экзотариуме. Катались на теплоходах, участвовали в спортивном квесте, даже учились готовить настоящую пиццу и купались в бассейне фитнес-центра. Отдыхали в уютном современном отеле.

– Мне очень понравилось! В «Джунглях» было даже немного страшно, но интересно! Мы со всеми подружились. Я в Астане уже второй раз, и мне все нравится, – с восторгом говорит 12-летняя Малика



Мухамедиярова, дочь машиниста Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22).

Благодарят за такую возможность и родители.

– Наши дети отдохнули отлично! Организация – на высшем уровне. Спасибо профсоюзу, – говорит начальник производственно-технического отдела ТЧЭ-22 Дидар Бурбаев, чья дочь Алиа тоже побывала в столице.

Дежурный стрелочного поста Кумыстауской дистанции пути Кенжебек Бәткібай тоже не скрывает радости: – Мой сын Алдияр ездит в Астану. Все было бесплотно. Он вернулся в полном восторге. Спасибо большое организаторам!

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото Айгуль ЖАЙЛАУБАЕВОЙ



КАЗКӨЛІККӘСІП



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты татшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Орал: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Павлодар: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2,
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22,
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.